

14. Рудской А.И., Боровков А.И., Романов П.И. Анализ отечественного опыта развития инженерного образования. /А.И. Рудской, А.И. Боровков, П.И. Романов// Высшее образование в России. 2018. №1 (219). -С.151.

15. Голоманчук Э.В., Астафурова О.А. Цифровые технологии в сфере противодействия коррупции: отдельные направления и особенности реализации.-/Э.В.Голоманчук, О.А. Астафурова//Цифровые технологии в системе публично-правовых (государственно-правовых) отношений.- С.77.

16. Корнев А.В. Правовой нигилизм: отражение его сущности, содержания и форм в литературе и юридической науке.-/А.В. Корнев.-//LexRussia (Русский закон). 2018. № 1.С. 9, 24. Режим доступа:[DOI:htths:\doi.org\10.17803\1729-5920.2018.134.1.009-024]- [Дата обращения: 25.11.2023].

17.Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года № 410-V ЗРК (по состоянию на 1 января 2022 года).-[Электронный ресурс].-С.19.- Режим доступа//ИС «Юрист-Параграф//.www.http//onlaine.zakon.kz[Дата обращения: 25.11.2023].

18. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции и обеспечения безопасности лиц, подлежащих государственной защите» от 3 января 2023 года №188-VIЗРК.-[Электронный ресурс].-С.7.-Режим доступа//ИС «Юрист-Параграф//.www.http//onlaine.zakon.kz [Дата обращения: 25.11.2023].

19. Положение Об антикоррупционной комплаенс-службе некоммерческого акционерного общества «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова», утверждено решением Совета директоров НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова» (Протокол № 2 от 10.03.2022г.). - С.1 - 2.

20. Шевкуненко М.Ю., Шамрай К.Е. Формирование антикоррупционного мировоззрения и культуры в Российском образовании.-/М.Ю. Шевкуненко, К.Е. Шамрай.-//Диалектика противодействия коррупции. Материалы XII Всероссийской научно-практической конференции с международным участием, 18 ноября 2022 г. Казань: Издательство «Познание» Казанского инновационного университета, 2022г. В 3 томах, том 3.- С.337.

21. Хлус А.М. Антикоррупционное воспитание как направление деятельности в образовательном процессе.- /А.М. Хлус.-//Диалектика противодействия коррупции. Материалы XII Всероссийской научно-практической конференции с международным участием, 18 ноября 2022 г. Казань: Издательство «Познание» Казанского инновационного униве

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ПЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

*Серикбаева С.С., з.ғ.м., аға оқытушысы, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

*Хасенов Р.А., з.ғ.м., Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті*

XXI ғасырда жаңадан қалыптасқан құқықтық ахуалға қатысты өзгерген ұлттық (ішкі мемлекеттік) құқық пен халықаралық құқықтың арақатынасына теория және тәжірибе негізінде жалпы сипаттама бере отырып еліміздің құқықтық саясатын жақсартуда оның маңыздылығы мен үйлесімділігі жақтарын ескеруге үлес қосу негізгі мақсат болып табылады.

Халықаралық құқық - мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар жүйесі[1]. Ұлттық құқық - бұл белгілі бір елдегі адамдардың қатынастарын реттейтін нормалар жүйесі. Яғни, халықаралық және ұлттық құқықтың әрекет ету аясы әртүрлі, сондықтан бірінің екіншісіне басымдылығы туралы айту дұрыс емес.

Халықаралық және ішкі құқықтың белсенді қатынасы ең алдымен ұлттық құқықтың халықаралық принциптер мен нормаларды қабылдауынан, сондай-ақ құқықтық жүйелердің

өзара зор ықпалынан көрінеді. Халықаралық және ұлттық құқық нормаларының айрықша белгісі құқықтың әрбір түрінің әрекет ететін деңгейлері болып табылады. Ұлттық құқық тек ел ішіндегі қатынастарды реттейтін болса, халықаралық құқық саласы мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттеуге бағытталған. Халықаралық құқықтық актілердің тікелей әсері ұлттық құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі болып табылатын халықаралық құқықтық актілерде және мемлекет ратификациялаған халықаралық шарттарда қамтылған халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын конституциялық тұрғыдан танудан көрінеді.

Құқықтық реформалауда Қазақстан Республикасы алған биігі мен жеткен жетістіктері ішкі мемлекеттік құқыққа үлкен серпіліс, ұлттық заңнамаға тиімді өзгерістер алып келді. Дегенмен әлемді шарпыған жаһандану үрдісінде бұл атап отырған жетістіктеріміз аздық ететіні бәрімізге мәлім. Сондықтан құқықтық реформада ең басты көңіл аударылған және де үнемі солай бола беретін ұлттық құқық пен халықаралық құқықтың арақатынасы болып табылады.

Ұлттық құқық пен халықаралық құқық арақатынасын қарастырғанда басты назарды осы екі құқықтық жүйенің өзара әрекеттесуіне, бірлесіп жұмыс атқаруына, жоғарғы дәрежеде үндесіп іс-қимыл атқаруына көңіл бөлген жөн деп санаймыз.

Себебі ХХІ ғасыр ол жалғыз жүріп дамитын ғасыр емес, керісінше бірлесіп әлемдік проблемалардың алдын алатын, ынтымақтастықтың алтын ғасыры. Бұлай деуімізге қазіргі болып жатқан әлемдік өзгерістер мен мемлекет аралық саяси-экономикалық, әлеуметтік халықаралық жағдайлардың тұрақсыздығы әсерін тигізіп отыр. Әлемдегі алпауыт мемлекеттердің өзара келіспеушіліктерінің әсері халықтар тағдырының, яғни адамзат өмірінің қиындауына әкеліп соқтыруда. Сондықтан алдымыздағы тақырып өзекті мәселеге арналған және халықаралық жағдайларды шиеленіссіз, қауіптілікті мейлінше төмендетуге, түсініспеушіліктедің, қажеттіліктердің алдын алуды толықтай қамтуға және ауқымды мәселелерді шешуде басты рөл атқарады десек қателеспейміз. Бірінші теориялық және тарихи негіздеріне тоқталып, содан барып тәжірибелік және орын алған проблемалар негізіне ауысуымыз тақырыптың өзектілігіне мән береді.

Құқықтық ғылымның әрбір саласында бұл тақырыпқа қатысты зерттеліп жазылған көптеген ғылыми жұмыстар бар. Бұған қоса айтылып отырған мәселе тек ғылыми теориядағы ғалымдардың ғана емес, сонымен бірге құқықтану саласындағы тәжірибелік мамандар мен әлемнің көптеген елдеріндегі ғалымдардың да қызығушылығы мен зерттеулерін айтуға болады.

Ұлттық құқық пен халықаралық құқықтың арақатынасынан туындайтын мәселелерді шешуде ғалымдардың зерттеген еңбектерінің саны соңғы жылдары көбіне түсіп, өзектілігі күн санап өсуде. Олардың қатарына М.Т. Баймаханов, Г.В. Игнатенко, Р.А. Мюллерсон, Н.В. Миронов, М.А. Сарсембаев, С.В. Черниченко, И.И. Лукашук, В.Г. Буткевич, Е.Т. Усенконы жатқызсақ, шетелдік ғалымдарға Д. Анцилотти, Г. Кельзен, Дж. Гинзбург, А. Фердроссаны атасақ болады.

Атақты ғалым П.Л. Капица өзінің ұзақ ғылыми тәжірибесін қорыта келіп, «сәтті әрі дұрыс ғылыми жұмысқа әрқашанда қателік қосыла жүреді» деген екен. Сондықтан болар ғылыми шығармашылықта пікір талас пен пікір алмасу құрамдас бөлшегі іспеттес. Жалпы ұлттық құқық пен халықаралық құқық арақатынасын бір бағытпен, яғни өзара ықпалын ғаламдық үрдістегі рөлімен байланыстыра отырып қарастыру қажеттілігін ұтымды шешім деп ойлаймыз. Ал толықтай ауқымды қарастыру басқада салаларда, құқықтық институттарда көптеген ғылыми жұмыстарға жол ашады.

Құқықтың дамуы, әсіресе халықаралық құқық басымдығына қарай ұлттық құқықтың дамуын негізгі үш кезеңге бөлуге болады: прото құқық - құқық - мета құқық. Бұл құқықтың дамуын көрсететін тарихи нұсқа сияқты, қазіргі таңда құқықтың дамуы екінші кезеңнен үшінші қорытынды кезеңге өтуге талпынуда. Себебі дуалистік, монистік көзқарас болсын және арақатынасындағы даму болсын бәрі бір құқық өзінің дамуының шарықтау шегіне жетуге тырысады. Бұған әлемдегі орын алған ғаламдық жағдай үлкен ықпал етіп отыр.

Дуалистік теорияға сәйкес, халықаралық және ішкі құқықтың арасында айтарлықтай айырмашылық бар, ол осы жүйелерді реттеудің әртүрлі пәндерінде жатыр. Халықаралық құқық егеменді мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейді, ал ішкі құқық мемлекет ішінде әрекет етеді және оның азаматтарының бір-бірімен және атқарушы билікпен қарым-қатынасын реттейді.

Монистік теория, керісінше, халықаралық және ішкі құқықты бір құқықтық жүйеге біріктіруден туындайды және тек қана қай бөлігінің – ішкі құқықтың немесе халықаралық құқықтың басым болуына байланысты мемлекеттің ішкі құқығының үстемдігі немесе оның үстемдігі болып табылады. халықаралық құқық ерекшеленеді.

Осылайша, бүгінгі таңда халықаралық және ішкі құқықтың өзара байланысының басым теориясы халықаралық құқықтың басымдылығымен монистік теория болып табылады. Әрине, мемлекеттер халықаралық құқықтың басымдылығы концепциясын бекіте отырып, халықаралық құқықтың ішкі саласының маңыздылығын мүлде төмендетпейді, керісінше, халықаралық құқықтың іргелі жаңа рөліне назар аударады. мемлекетаралық қатынастарды реттеу.

Бүгінгі таңда мемлекеттердің бір-бірімен өзара әрекеттесуінің күшеюі байқалады, бұл жаһандық мәселелерді бірлесіп шешуге, демек, халықаралық және ұлттық құқық нормаларының өзара қарым-қатынасының жаңа мазмұнына алып келеді.

Ұлттық және халықаралық құқықтың динамикалық байланысы олардың құқықтық жүйелерінің кең ауқымды өзара әрекеттесуінен, сондай-ақ ішкі құқықтық жүйелерде халықаралық қағидалар мен нормалардың көбірек қолданылуынан көрінеді.

Халықаралық құқықтың мақсаты - мемлекеттік органдардың халықаралық аренадағы қарым-қатынасы шеңберіндегі өзара іс-қимылын нормативтік реттеу. Халықаралық құқық атауының өзі мемлекеттердің тең құқылы ынтымақтастығы мен тәуелсіздігі туралы айтады.

Бірақ біз естен шығармайтын үлкен мәселе ұлт мүддесі. Мейлі қаншама қауіп төніп тұрсада, мемлекет халықаралық құқық жүйесіне кірерде оның талаптары ұлттық мүддеге қайшы келмейме соған басты назар аударуы қажет деп есептейміз. Себебі жасалынып жатқан әрекеттің барлығы адам оның құқықтар мен бостандықтары үшін, бұл ұлттық құқықтың да халықаралық құқықтың да басты мақсаты. Осы орайда екі құқықтық жүйе бірлесіп, келісілген түрде тәжірибеде жұмыс атқарса жалпы жұрт құптарлық әрекет болатыны сөзсіз.

Ұлттық құқық пен халықаралық құқықтың өзара тигізетін әсеріне қатысты мәселелерді ғылыми тұрғыдан зертеу ішкі мемлекеттік құқықтық, заңдардың қалыптасуы мен оны жетілдірудің күрделі мәселелерін шешу үшін, халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкес оны унификациялаумен және сондай-ақ ратификациялау немесе қосылу нәтижесінде біздің құқықтық жүйеміздің құрамдас бөлігін құрайтын халықаралық құқықтық нормаларды имплементациялау мәнінің күн санап артуына байланысты туындайтын мәселелерді шешу үшін қажет.

Сөзіміздің дәлелі ретінде Конституциямыздың 4 бабында «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады» - делінген [2].

Халықаралық құқық пен ішкі мемлекеттік құқықтың ара қатынасы мәселелерін зерттеудің тәжірибелік маңызы халықаралық құқық нормаларының мемлекет аумағында жүзеге асуының нысандары мен әдістерін толық әрі нақты түсінуге және оны жүзеге асыру барысында туындаған қиындықтарды жою жолдарын анықтауға мүмкіндік беруімен түсіндіріледі, Өйткені бұл мәселеге қатысты айқын көзқарастың болмауы құқық қабылдау мен қолдану кезінде көптеген қайшылықтарға алып келуі мүмкін.

Акчурин Т.Ф өз еңбегінде халықаралық құқық пен ішкі мемлекеттік құқықтың ара қатынасын реттеуде мемлекеттің халықаралық құқықтың жалпы және шарттық нормаларын оларды ішкі құқыққа өзгерте отырып енгізудің білдіретін халықаралық құқық ережелерін ішкі мемлекеттік құқықта ескеру ұғымын қолдануды ұсынады. [3]

Қоғамның дамуы мен халықтар арасында тығыз арақатынастық байланыс орнауымен байланысты екеуара құқық өмірге келді. Бұл құқық қазіргі таңда – халықаралық деп аталады. Енді тарихи қалыптасқан пікірталастар осы жерден шығып отыр, оның мәні «ұлттық құқық басымдау ма, әлде халықаралық құқық па?» дегенге келеді.

Ұлттық құқық баста бастамашылық мәнге ие болды, соның нәтижесінде халықаралық құқық нормалары қалыптасты. Жалпылай алғанда халықаралық құқық ұлттық құқық негізінен бастау алады және ұлттық құқықтың ықпалымен белгілі мемлекеттің ішінде әрекет етеді. Осыған қарағанда нақты бір жүйені нық басымдылыққа ие деп айта алмаймыз. Тек ХХІ ғасырда саяси ахуалдың орын алуы, яғни әлемдік интеграция мен жаһандану үрдісі арқасында мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттеуде халықаралық құқықтың шамасы ғана жетуде. Дәлірек, жалпақ тілмен жеткізер болсақ халықаралық құқық бүкіл әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттер арасын реттеуші жалғыз төреші іспеттес, себебі әр халықаралық субъектісі өз ұлттық құқығына сілтей беретін болса, әлемде жаппай келеңсіз оқиғалар орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайлар тарихта өз ізін қалдырған, соны қайталамас үшін мемлекеттер бірлескен түрде алдарындағы мәселелерді шешуде ұжымдық сипатта іс атқаруы қажет. Осы талаптарды жүзеге асыруға дәрменді тек – халықаралық құқық.

Шынында жаһандану үрдісі ХХ ғасырда басталып, ХХІ ғасырда өз жалғасын тауып, адамзаттың алдындағы ғаламдық немесе жалпы планеталық проблемаларды әлемнің бірде-бір мемлекеті шетте қалыс қалмайтындай етіп, бірлесіп шешуге итермелеуде. Сондықтан болар адамзаттың болашығындағы құқық бізге әлемдік қауымдастықтың ғаламдық мәселелерді шешуде жалпы жұрт мойындаған халықаралық құқық нормалары мен қағидаларының келісілген түрде үндесуімен көрінетіні анық.

Шетелдік доктриналар алғашқы кезеңде де, қазірде де халықаралық құқықты бірде ұлттық құқыққа «қосылған» бөлім ретінде, бірде «сыртқы» артықшылық ретінде тануда. Келтірілген екі ретте де халықаралық құқықтың нормалары тікелей қолданылуымен қатар тіпті мемлекеттің ішкі құқықтық жүйесіне әсерін тигізуде. Қазіргі біз өмір сүріп жатқан қоғамда, уақытта әрине халықаралық құқық басымдығы тиімді. Себебі мемлекеттің ең басты байлығы «адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» болса, осы құндылықтарды қорғауда азаматтар өз мемлекетінің ішінде жүзеге асыра алмаса, онда ол халықаралық нормаларға жүгіне отырып іске асыра алады.

Жалпы алғанда тарихи қалыптасқан оқиғалар желісі мен тәжірибеде орын алған ұлттық құқық пен халықаралық құқық өзара біте қайнасып, тығыз әрекеттесіп келді. Негізі екі жүйенің де алдына қойған мақсаты, мүддесі бір. Бірақ қазіргі таңда халықаралық құқықтың басымдығы тиімді, себебі адамзат құқығын сақтауда, оны қорғауда бұл құқықтық жүйеде барлық жағдайлар қамтамсыз етілген.

Бірақ естен шығармауымыз қажет басты жайт біз халықаралық құқықты алдыңғы орынға шығарғанда, негізгі ұлттық мүддені ұмытпауымыз керек. Ұлттық мүдде деп біз ұлттық құқық, ұлттық мәдениет, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық құқықтық-саяси сананы айтамыз. Осы аталған салаларды біз халықаралық құқыққа бейімделу арқылы

Қорыта келе айтар болсақ, ұлттық (ішкі мемлекеттік) құқық пен халықаралық құқық арақатынасын дамыту арқылы құқықтық эволюцияның шарықтау шегін, яғни мета құқықты кең насихаттау.

- Ұлттық заңнаманы жетілдіргенде халықаралық құқық нормаларына сәйкестендіру мен бейімдегенде ұлттық құндылықтарды, мүддені естен шығармау.

- мемлекет ұлттық (ішкі мемлекеттік) құқық пен халықаралық құқық арақатынасын тиімді әрі ұтымды пайдалануы қажет.

Бірақ бұл үрдіс жалпы жұрт мойындаған қағидаларға сүйенуі тиіс, әрі дамуында тек адам оның құқықтары мен бостандықтары алғашқы орында тұруы керек. Әрине осы жағдайда мемлекет өз алдына қойған мақсатына мүдірмей жетіп, құқықтық мемлекет құра алады. Өркениетті қоғамда заңның үстемдігі жоғары болады және мұндай қоғамда құқықбұзушылық өте төменгі жағдайда ғана немесе болмайды деуге де болады. Бірақ ол үшін заңның түп-тұнық таза болуы шарт. Сонда ғана әлеуметтік, саяси, экономикалық,

рухани жағдай орнықты әрі тұрақты болады. Бұған түрткі болып, ықпал етер норма ол - халықаралық құқық нормасы.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Большой юридический словарь. М, 2000 г.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл.  
[https://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/constitution](https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution)
- 3 Акчурин Т.Ф. Соотношение международного и внутригосударственного права: Вопросы общей теории: -Казань,2001г.

### НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВ И СВОБОД ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА

*Полева И.А., старший преподаватель, Карагандинский университет им.академика Е.А.Букетова*

*Туякова Н.Б., м.ю.н., старший преподаватель, Карагандинский университет им.академика Е.А.Букетова*

В современном международном праве сложился целый комплекс правовых актов, относящихся к правам человека. Нормы международного права непосредственно не регулируют права человека в конкретных государствах. Устав ООН (пункт 3 статьи 1) обязывает государства обеспечить всем лицам, находящимся в пределах их территории, основные права и свободы, не допуская какой-либо дискриминации. Личные права человека обеспечивают само его существования и защиту от государственного произвола (право на жизнь, на свободу, на личную неприкосновенность). Культурные права обеспечивают духовное развитие и самореализацию (право пользоваться достижениями культуры). Политические права обеспечивают участие граждан в политической жизни страны (право избирать и быть избранным). Социальные права обеспечивают благосостояние и достойный уровень жизни (право на труд, на отдых, на медицинское обслуживание). Экономические права обеспечивают свободное распоряжение предметами потребления и основными факторами хозяйственной деятельности: условиями производства и рабочей силой.

Окончание Второй мировой войны явилось отправной точкой для создания в 1945 г. Организации Объединенных Наций (далее — ООН) — универсальной международной организации, призванной «избавить грядущие поколения от бедствий войны... и утвердить веру в основные права человека». В Уставе ООН юридически впервые был закреплён принцип уважения прав человека (ч. 3 ст. 1 Устава ООН 1945 г.). Мировое сообщество того времени испытывало огромную потребность в разработке международного документа, в котором были бы отражены все грани и глубина этого принципа. Таким документом стала Всеобщая декларация прав человека. В рамках ООН принят ряд документов по этому вопросу: «Всеобщая декларация прав человека» (1948 г.), «Об экономических, социальных и культурных правах человека», «О гражданских и политических правах человека» (1966 г.), «Декларация прав ребенка» (1959 г.), «Конвенция о политических правах женщин» (1954 г.) и др.

Права человека — важнейший институт конституционного права. Особое развитие в сфере как внутригосударственного, так и международного права он получил во второй половине XX в., что явилось одним из наиболее значимых итогов правового развития человечества. Являясь показателем соответствия политической и правовой системы государства современным международным стандартам, он призван обеспечить достойную и безопасную жизнь личности, возможность ее свободной жизнедеятельности в сложных условиях современного общества. Основным аспектом государственной политики является